

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

"Туған өлкем"ЖАРИЯЛАНДЫ
18.11.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/85149/>**Білім беру саласы:** «Әлеумет»**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Қоршаған ортамен танысу**Тақырыбы:** «Менің туған өлкем»**Мақсаты:** туған өлке туралы білімдерін кеңейту.**Білімділік:** балаларға туған өлке туралы терең білуге үйрету, оның ерекшеліктері мен табиғаты туралы білімдерін арттыру.**Дамытушылық:** сөйлеуін, тіл байлығын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.**Тәрбиелік:** туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Туған жерінің табиғатына қамқор болуға тәрбиелеу.**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Қазақстан картасы, Маңғыстау өңірін бейнелейтін сиқырлы шар, интербелсенді тақта, табиғи түйе жүні, желім**Сөздік жұмыс:** өлке, өңір, қиыр шығыс, күйреуік, жантақ, сүттіген, адыраспан, итсигек, сарүйек, ешкемер, қоқиқаз, торалақаз, қорытпа**Билингвальды компонент:** өлке-край-region, қиыр шығыс- дальний восток-far eastОқу іс-әрекетінің
кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың
іс-әрекеті

Мотивациялық қозғаушы	Ұйымдастыру. Тыныштық сәті: (үнтаспадан теңіздің толқынын, аққу, шағалалардың дыбысын тыңдау) -Балалар, бұл ненің дыбысы? -Теңіз толқынының дыбысын ести отырып, өзіңді қайда тұрғандай сезіндіңдер? Теңізге жылдың қай мезгілінде шомыласыңдар? -Қандай құстың дыбысын естідіңдер? -Шағала қандай құс? Үй құсы ма, әлде дала құсы ма? — Балалар, біздің өлкемізде қандай теңіз бар? -Дұрыс айтасыңдар, Каспий теңізі.	Балалар үнтаспадан әуен тыңдап, теңізге саяхаттайды. -теңіз толқынының дыбысы. -теңіз жағада. -жаз мезгілінде шомыламыз. -шағаланың дыбысы. -Дала құсы. -Каспий теңізі
------------------------------	--	--

<p>Іздену-ұйымдастырушы</p>	<p>Картамен жұмыс. -Біз қай Республикада тұрамыз?</p> <p>-Біздің бас қаламыз қалай аталады? -Жарайсыңдар! Астана Орталық Қазақстанда орналасқан. -Біз Қазақстанның қай қаласында тұрамыз? -Отан, туған жер туралы мақал-мәтелдер айтыңдаршы?</p> <p>-Бүгінгі біздің жаңа тақырыбымыз «Менің туған өлкем». — Біз Маңғыстау облысында, Жаңаөзен қаласында тұрамыз. Біздің туған өлкеміз — Маңғыстау өңірі. Қазақстан Республикасында 14 облыс бар. өңір-өлке, аймақ, туған жер өлке-край-region (слайдпен жұмыс) Маңғыстау облысы — Қазақстан Республикасының оңтүстік-қиыр батысында орналасқан. қиыр-шет, алыс қиыр шығыс-дальний восток-far east Маңғыстау облысы- Атырау облысы, Түрікменстан, Өзбекстан , Каспий теңізі арқылы Иран, Азербайжан елдерімен шекаралас. 1973 жылы 20-наурызда құрылды. 1990 жылы 17-тамызда тарихи «Маңғыстау» деген атау берілді. Қазақстандағы жалғыз теңізбен байланысқан су бекеті, Ақтау Халықаралық теңіз сауда порты. Маңғыстау жері топырағы сортаң, өсімдігі-бұталы, ащылы, қысы ұзақ емес, бірақ желді, қара суық ызғарлы, ылғалы аз, көктемі созылмалы континентті шөл далаға жатады. Өлкеміздегі Қызыл кітапқа енген жануарлары: кесіртке, кірпі, дала тасбақалары, сарүйек, жыланбас, ешкемер, күзен, қарсақ, түлкі, қасқыр. сарүйек, ешкемер Өңіріміздегі құстарға тоқталатын болсақ: қарға, шіл, қарлығаш, қарабауыр, шағала, қасқалдақ, қоқиқаз, аққу, үйрек, торалақаз. қоқиқаз, торалақаз</p> <p>Таулы Үстіртте: арқар, қарақұйрық, киік. Аймақтағы өсімдіктер: теріскен, күйреуік, жантақ, сүттіген, адыраспан, итсигек. күйреуік, жантақ, сүттіген, адыраспан, итсигек. Каспий теңізіндегі балықтар: бекіре, қорытпа, теңізжылан, кефаль, майшабақ, бұзаубас. қорытпа</p> <p>Сергіту сәті: Гүлге оранып сәулетті көшелерім Самалымен сауығып, өсер елім! Өлкемізді сүйеміз, көркемдейміз, Қайратты боп өсеміз, өркендейміз!</p> <p>Ғажайып сәт: (Бақташы атайдың жолдаған бейнехабарландыруы).</p> <p>-Балалар, барлығымыз бірлесе бақташы атайға көмектесейік. Ұжымдық жұмыс: Балалар екі топқа бөлінеміз, бірінші топқа табиғи түйе жүнімен желімнің көмегі арқылы түйені бейнелеуді, екінші топқа триз әдісі арқылы асықтың көмегімен ботаны бейнелеуді ұсынамын.</p>	<p>Балалар мұқият тыңдап отырады. — Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз. -Астана қаласы.</p> <p>-Жаңаөзен қаласында.</p> <p>Балалар Отан туралы, туған жер туралы мақал-мәтел айтады.</p> <p>Балалар мұқият зейін қойып тыңдайды.</p> <p>Балалар қайталайды.</p> <p>Интербелсенді тақтадан көреді.</p> <p>Балалар қайталайды.</p> <p>Өлеңнің мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды.</p> <p>Балалар көгілдір экран арқылы Бақташы атайдың жолдаған бейнехабарландыруын тамашалайды.</p> <p>Шығармашылық жұмысқа белсене қатысады.</p>
------------------------------------	--	--

<p>Рефлексті-коррекциялаушы</p>	<p>Қорытындылау. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы шар» Ойынның мақсаты: балаларды туған өлке табиғатымен таныстыру. Оларға қамқор болуға баулу.</p> <p>Ойынның шарты: балалар глобуста бейнеленген Маңғыстау өңірінің табиғатына тән нәрселерді жапсырады. -Бізде бүгін қандай оқу қызметі болды? -Бүгінгі оқу қызметінде не туралы әңгімеледік?</p> <p>-Біз кімге көмектестік?</p> <p>-Бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? -Жарайсыңдар, балалар! Барлығыңыз оқу қызметке белсенді, өте жақсы қатыстыңдар! Сендерге көп рахмет!</p>	<p>Ойынға жаппай белсене қатысады.</p> <p>-Қоршаған ортамен танысу. -Маңғыстау өңірінің табиғатымен, құндылықтарымен таныстық.</p> <p>-Бақташы атайға көмектестік.</p> <p>Балалар шаттанып, қуанады.</p>
--	--	---

Күтілетін нәтиже: туған өлке табиғатымен танысты;

Білуі керек: өздерінің туған өлкесінің құндылықтары туралы әңгімелеуі;

Түсінігі: туған өлке-Маңғыстау өңірі туралы;

Меңгеруі: Отан, туған жер туралы тақпақ, мақал-мәтелдер.

Жаңаөзен қаласы. «Рахат бөбекжай-бақша» тәрбиешісі: Якудаева Камила Каржаубаевна

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.